

**2013 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 2 мамырдағы № 140 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 мамырда № 4140 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес және "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі № 1-177 ұсыныстары негізінде Алтынсарин ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері 2013 жылдың 5 маусымына дейін белгіленсін.

2. 2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.С. Қазыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н ә к і м і н і н

міндетін атқарушы

С. Казыбаев

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 м а м ы р д а ғ ы

№ 140 қаулысына қосымша

**2013 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері**

№	Ауыл атауы	шаруашылығы	дақылдарының	Себу мерзімдері

1	Жаздық дәнді дақылдар	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
2	Бұршақ тұқымдас дақылдар	15 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
3	Майлы дақылдар	15 мамырдан 30 мамырға дейін	бастап
4	Жемшөптік дақылдар	15 мамырдан 10 маусымға дейін	бастап
5	1-ші өсіру жылдарындағы көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	бірінші мерзім 1 мамырдан 31 мамырға екінші мерзім 5 шілдеден 10 қыркүйекке дейін	- бастап дейін, - бастап
6	Сүрлемдік жүгері, күнбағыс	15 мамырдан 31 мамырға дейін	бастап
7	Көкөніс және бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін	бастап
8	Картоп	10 мамырдан 5 маусымға дейін	бастап
9	Шабындық жерлерді үшін егілген көпжылдық шөптер шалғындандыру	бірінші мерзім 1 мамырдан 31 мамырға екінші мерзім 5 шілдеден 10 қыркүйекке дейін	- бастап дейін, - бастап

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК